

«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

БЕКІТІЛДІ




«Марат Оспанов атындағы Батыс  
Қазақстан медицина университеті» КеАҚ

Басқарманың


2024 ЖЫЛҒЫ 27 05

№ 22 хаттама шешімімен

«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНА ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ  
ҚАҒИДАЛАРЫ

Коды	Басылым	Құрастырған	Келісілді	Қолы	Күні
Қ БҚМУ 01-01-06-01	Үшінші	Рамазанова А.А.  <u>22.05.</u> 2024 ж.	Абенова Н.А.		24.05.2024ж.
			Урумбаева А.Н.		23.05.2024ж.

Ақтөбе, 2024

	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b></p>	<p align="center"><b>Күні: 21.05.2024</b></p>	<p align="center"><b>Басылым: үшінші</b></p>
	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді қабылдау қағидалары</b></p>	<p align="center"><b>Қ БҚМУ 01-01-06-01</b></p>	<p align="center"><b>12-беттің 2-беті</b></p>

## 1. МАҚСАТЫ


Осы Қабылдау қағидаларының мақсаты талапкерлерден құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру, түсу емтиханын өткізу және «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Университет) оқуға қабылдау болып табылады. Қағидаларды Университеттің жауапты құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды тұлғалары орындауға міндетті. Қағидалардың талаптарын бұзу лауазымды тұлғаларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес тәртіптік жаза шараларын қолдануға негіз болып табылады. Қағидалар Университеттің Директорлар кеңесінің отырысында бекітілгеннен кейін күшіне енеді. Осы Қағидалардың жекелеген тармақтары жаңа заңнамалық актілерге қайшы келген жағдайда, олар заңды күшін жояды және Қағидаларға өзгерістер енгізілгенге дейін Университет Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелерді Университеттің қабылдау комиссиясы шешеді.

## 2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 2.1. Қабылдау комиссиясы жұмысының мақсаты азаматтардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген білім алу құқықтарының сақталуын, талапкерлерді қабылдаудың барлық рәсімдерін өткізудің жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.
- 2.2. Қабылдау комиссиясы өз құзыреттерінің шектерінде:
  - ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және оқуға қабылдау кезеңінде құжаттарды ұйымдастыру және қабылдау, оларды тіркеу және сақтау, қабылдау мәселелері бойынша хат алмасуды;
  - талапкерлермен, олардың заңды өкілдерімен мамандық таңдау, қабылдау шарттары, оқуға қабылдау және оқыту тәртібі мәселелері бойынша сұхбат өткізуді;
  - талапкерлер үшін мамандық бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының мазмұны бойынша консультациялар ұйымдастыруды;
  - «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру саласы бойынша арнайы емтиханды ұйымдастыруды және өткізуді;
  - мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдауды;
  - жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау;
  - бакалавриат бағдарламалары бойынша Университет мамандықтары бойынша шетел азаматтарын қабылдауды;
  - талапкерлерді арнайы емтихан тапсыруға жіберу, конкурстық іріктеу өткізу, талапкерлерді білім алушылар қатарына оқуға қабылдау туралы шешім қабылдауды;
  - емтихан комиссияларын, апелляциялық комиссияларды қалыптастыру және олардың қызметін бақылауды ұйымдастыруды;
  - құжаттарды қабылдауды, Ұлттық бірыңғай тестілеуді және арнайы емтихандарды өткізуді және талапкерлерді оқуға қабылдауды талдау және қорыту, есептерді дайындау және оларды белгіленген мерзімде тиісті органдарға жолдауды қамтамасыз етеді.

## 3. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- 3.1. Қабылдау комиссиясы келесідей нормативтік құжаттарды басшылыққа алады:
  - Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;

	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b></p>	<p align="center"><b>Күні: 21.05.2024</b></p>	<p align="center"><b>Басылым: үшінші</b></p>
	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді қабылдау қағидалары</b></p>	<p align="center"><b>Қ БҚМУ 01-01-06-01</b></p>	<p align="center"><b>12-беттің 3-беті</b></p>

➤ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 177-VII және 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 223- VII жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

➤ «Бакалавр» немесе «Магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 23 тамыздағы № 443 қаулысы;

➤ «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы (ҚР жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулармен);

➤ Республикалық бюджеттен қаржыландыратын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырыс бекіту туралы» ҚР жоғары білім және ғылым министрінің 2024 жылғы 18 наурыздағы №118 бұйрығы;

➤ «Қазақстан Республикасы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау квотасы көзделген ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары тобының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 247 бұйрығы;

➤ «2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламалары топтары бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 193 бұйрығы;


➤ «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығы (2024 жылғы 28 ақпандағы №92 жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);

➤ Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі №357 бұйрығы «Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдауға арналған қабылдау квотасының мөлшері»;

➤ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 134 «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының туыстық топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сәйкестігінің әдістемелік ұсынымдарын айқындау туралы» бұйрығы.

#### **4. ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

4.1. Университетте бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына ЖЖОКБҰ басшысы, Басқарма мүшелері, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің өкілдері және университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы кіреді. Қабылдау комиссиясының сандық құрамы мүшелердің тақ санынан тұрады. Қабылдау комиссиясының төрағасы ЖЖОКБҰ басшысы болып табылады. ЖЖОКБҰ басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады. Сонымен қатар, ЖОО келесі жағдайларда абитуриенттерді қабылдамайды:

	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b></p>	<p align="center"><b>Күні: 21.05.2024</b></p>	<p align="center"><b>Басылым: үшінші</b></p>
	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді қабылдау қағидалары</b></p>	<p align="center"><b>Қ БҚМУ 01-01-06-01</b></p>	<p align="center"><b>12-беттің 4-беті</b></p>

1) уәкілетті органның білім беру қызметімен айналысуға лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру, кері қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдауы;

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарын және әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, институционалдық аккредиттеудің болмауы, сондай-ақ аккредиттеуді тоқтата тұру, қайтарып алу немесе оның қолданылу мерзімінің аяқталуы;

3) мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша өрескел бұзушылықтар анықталған кезде және (немесе) оның нәтижелері бойынша сот талқылауы кезінде;

4) білім беру бағдарламаларының тиісті тобы үшін білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізілімінен білім беру бағдарламасының болмауы немесе алып тастау.

4.2. Арнаулы емтихан бойынша қабылдау емтихан комиссиясының құрамы кафедралардың профессорлық-оқытушылар құрамынан құрылады; конкурстық комиссия-әкімшілік-басқару персоналының қызметкерлерінен құрылады. Университеттің қабылдау комиссиясының құрамы Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі. Қабылдау комиссиясының өкілеттік мерзімі жаңа құрам тағайындалғанға дейін бір күнтізбелік жылды құрайды.

4.3. Қабылдау комиссиясының техникалық хатшылығы құжаттарды қабылдауды жүргізеді және құжаттарды ресімдеумен айналысады.

4.4. Қабылдау комиссиясының төрағасы білім алушыларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік тапсырыстың орындалуына, бакалавриат контингентін қалыптастыру жөніндегі заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттардың сақталуына жауапты болады, қабылдау комиссиясы мүшелерінің міндеттерін айқындайды және қабылдау комиссиясының жұмыс жоспарын бекітеді.

4.5. Жаңа оқу жылына талапкерлерді қабылдау нәтижелері есеп түрінде ресімделеді, қабылдау комиссиясының Төрағасы мен жауапты хатшысы қол қояды және Ғылыми Кеңесте баяндалады.


## **5. ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ**

5.1. Қабылдау комиссиясының жұмысы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (ҚР жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес жүргізіледі.

5.2. Қабылдау комиссиясы белгіленген мерзімде талапкерлерден (ағымдағы жылғы және өткен жылдардағы мектептер мен колледждердің түлектерінен) Ұлттық бірыңғай тестілеуге, шетелдік білім беру ұйымдарының түлектерінен Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысу үшін өтініштер қабылдауға, талапкерлерден арнайы емтиханға (психометриялық тестілеуге) өтініштер қабылдауға, арнайы емтихан (психометриялық тестілеу) өткізуге құжаттарды қабылдайды, мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау конкурсына талапкерлерден құжаттарды қабылдайды, талапкерлерден қайталама Ұлттық бірыңғай тестілеуге құжаттарды қабылдайды, жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен білім беру гранттарын тағайындау үшін талапкерлерден құжаттарды қабылдайды және оқуға қабылдайды.

5.3. Әрбір талапкерге тізбе бойынша ұсынылған барлық құжаттар сақталатын жеке іс ресімделеді. Талапкерге құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

5.4. Электрондық үкімет порталында мемлекеттік қызметтер іске асырылған, оқуға түсушілер білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға, сондай-ақ жоғары оқу орындарына қабылдау мен оқуға қабылдауға және жатақханаға орын ұсынуға ЖОО құжаттарды онлайн форматта

	<b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b>	<b>Күні:</b> <b>21.05.2024</b>	<b>Басылым:</b> <b>үшінші</b>
	<b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді қабылдау қағидалары</b>	<b>Қ БҚМУ</b> <b>01-01-06-01</b>	<b>12-беттің</b> <b>5-беті</b>


береді. Бұл қызмет Қазақстан Республикасының азаматтарына, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдарға (жеке сәйкестендіру нөмірі болған жағдайда) қолжетімді.

Университеттің қабылдау комиссиясы үшін:

- оқуға түсушілер үшін өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарын (кабинеттерін) құру;
- ЖОО-ның ақпараттық жүйесін «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру» ҰБДҚ АЖ-мен (es.ias.kz) интеграциялауды қамтамасыз ету;
- техникалық хатшыларды АЖО (ҰБДҚ) жұмыс жасауға оқыту;
- келіп түскен құжаттарды (оның ішінде ЭҮП арқылы келіп түскен құжаттарды) өңдеуді жүзеге асыру;
- қабылдау комиссияларында өзіне-өзі қызмет көрсету және оқуға түсушілерге кеңес беру залдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- виртуалды қабылдау комиссияларының жұмысын қамтамасыз ету;
- электрондық цифрлық қолтаңбаны алу үшін жұмыс компьютерін бөлу;
- кеңес беру үшін көп арналы қоңырау шалу орталықтардың жұмысын қамтамасыз ету қажет.

## 6. АРНАЙЫ ЕМТИХАНДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша, оның ішінде «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнайы емтихандардың нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.
- 6.2. Арнайы емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін Университеттің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтихан өткізу кезеңіне комиссия құрылады.  
Комиссия құрамына Университеттің, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен комиссия төрағасы сайланады. Комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Комиссияның шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 6.3. Арнайы емтихандарды өткізу Үлгілік қағидалардың № 1 қосымшасына сәйкес арнайы емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.
- 6.4. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны Үлгілік қағидалардың № 2 қосымшасына сәйкес белгіленеді.
- 6.5. Арнайы емтихан оффлайн форматта ағымдағы жылдың 20 маусым мен 24 тамыз арасында өткізіледі.
- 6.6. «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру салалары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсетін адамдар университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін бір арнайы емтихан тапсырады.
- 6.7. «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру салалары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсетін адамдар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.
- 6.8. Арнайы емтихандарды өткізу бағдарламаларын Университет әзірлейді және оны қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 21.05.2024	Басылым: үшінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді қабылдау қағидалары	Қ БҚМУ 01-01-06-01	12-беттің 6-беті


- 6.9. Арнайы емтихандардың кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей жеткізіледі.
- 6.10. «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру салалары бойынша оқуға түсушілерге арналған арнаулы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.
- 6.11. Арнайы емтихандардың нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.
- 6.12. «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)» білім беру салалары бойынша арнайы емтихандардың нәтижелері бойынша оқуға түсушіге оқуға қабылданған жері бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ұсыну үшін ведомостан үзінді беріледі.
- 6.13. Арнаулы емтихан аяқталған күні қабылдау комиссиясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу және жоғары оқу орнына ақылы оқуға қабылдау үшін оқуға түсушілердің арнаулы емтихан нәтижелерін береді.

## 7. АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 7.1. Емтихандар өткізу кезеңінде арнаулы емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен құрамы төрағасын қоса алғанда, мүшелердің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.
- 7.2. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған тұлға арнайы емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00 дейін қабылдайды және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.
- 7.3. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.
- 7.4. Университет меншік нысанына қарамастан, арнайы емтихан аяқталғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда арнайы емтиханды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ арнайы емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.


## 8. ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

- 8.1. Университетке оқуға түсушілерді студенттер қатарына оқуға қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 10-25 тамызы аралығында қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқу үшін Басқарма Төрағасы - Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен жүргізеді. Жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу есебінен білім беру бағдарламаларының тиісті тобынан білім беру бағдарламасын таңдайды.
- 8.2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға түсетін адамдарды қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының сайтында жарияланатын Ұлттық бірыңғай тестілеу

	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b></p>	<p align="center"><b>Күні: 21.05.2024</b></p>	<p align="center"><b>Басылым: үшінші</b></p>
	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді қабылдау қағидалары</b></p>	<p align="center"><b>Қ БҚМУ 01-01-06-01</b></p>	<p align="center"><b>12-беттің 7-беті</b></p>

(ҰБТ) нәтижелерін ресми растайтын үміткердің бірегей деректері бар электрондық сертификатқа (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) сәйкес конкурстық негізде олардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

- 8.3. Көрсетілетін қызметті алушылар Университетке оқуға қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушіге (Университеттің қабылдау комиссиясы арқылы) немесе [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы Үлгілік қағидалардың № 3 қосымшасына сәйкес «Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.
- 8.4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.
- 8.5. Қабылдау комиссиясының техникалық хатшылары құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш түскен күні жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.
- 8.6. Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.
- 8.7. Қабылдау комиссиясының техникалық хатшылары олар келіп түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол электрондық құжат нысанында өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» жіберіледі.  
Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушіге жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына оқуға қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 10-25 тамызы аралығында ұсынады.
- 8.8. Университеттің қабылдау комиссиясына оқуға түсушілер қабылдау туралы өтінішке:
  - 1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім туралы құжатты (түпнұсқа);
  - 2) өлшемі 3 x 4 сантиметр 6 фотокарточканы;
  - 3) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075-У нысаны бойынша Медициналық анықтама (бұдан әрі- № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы)
  - 4) Ұлттық бірыңғай тестілеу сертификатын;
  - 5) ведомостан үзіндіні (арнайы даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, оның ішінде «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру салалары бойынша оқуға түсушілер үшін);
  - 6) білім беру грантын беру туралы куәлікті (болған жағдайда) қоса ұсынады.

	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b></p>	<p align="center"><b>Күні: 21.05.2024</b></p>	<p align="center"><b>Басылым: үшінші</b></p>
	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді қабылдау қағидалары</b></p>	<p align="center"><b>Қ БҚМУ 01-01-06-01</b></p>	<p align="center"><b>12-беттің 8-беті</b></p>

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын I, II топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары басымдылық құқығы мен квота берілгенін растайтын құжаттарды қосымша тапсырады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар қосымша мынадай құжаттардың бірін:


- 1) еңбек кітапшасының көшірмесін (түпнұсқа салыстыру үшін ұсынылады);
  - 2) жұмыс беруші қол қойған, ұйымның мөрімен (бар болған жағдайда) расталған қызметтік тізімді (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);
  - 3) қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын мұрағаттық анықтаманы;
  - 4) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмені және жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтерді;
  - 5) жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негізі туралы белгісі бар еңбек шартын;
  - 6) еңбек шартын жасасу және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актілерінен үзінді көшірмелерді;
  - 7) қызметкерлерге еңбекақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелерді тапсырады.
- Үлгілік қағидалардың 5-тармағына сәйкес Университетке оқуға қабылдау үшін Университеттің қабылдау комиссиясына тұлғалар өтінішке келесі құжаттарды:
- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатты (түпнұсқа);
  - 2) өлшемі 3 x 4 сантиметр 6 фотокарточканы;
  - 3) электрондық форматтағы 075-У нысанындағы медициналық анықтама;
  - 4) Ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты.

8.9. Университет қажет болған жағдайда ақылы негізде университетке түсу үшін қосымша емтихан өткізеді, ол жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам бекіткен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қабылдау қағидаларымен регламенттеледі.

8.10. Республикалық бюджет және жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау туралы куәлік алған адамдар куәлікте көрсетілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қабылдау туралы өтініш береді және Университеттің Басқарма төрағасы-Ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студенттер қатарына оқуға қабылданады.

8.11. Мемлекеттік грант негізінде түсетін Қазақстан Республикасының азаматтары «Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеу туралы шарт жасасады, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, Қазақстан Республикасы азаматтарының өтеу жөніндегі міндетінен босату, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33291 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25



	<b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b>	<b>Күні:</b> <b>21.05.2024</b>	<b>Басылым:</b> <b>үшінші</b>
	<b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді қабылдау қағидалары</b>	<b>Қ БҚМУ</b> <b>01-01-06-01</b>	<b>12-беттің</b> <b>9-беті</b>

тамыздағы № 443 «Бакалавр» немесе «Магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен"(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345 болып тіркелген).

8.12. Университетке оқуға қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тіл бөлімдері бойынша бөлек жүргізіледі. Университетке білім беру бағдарламаларының топтары бойынша оқуға қабылдау В086 «Жалпы медицина», В087 «Стоматология», В084 «Мейірбике ісі», В088 «Педиатрия» арнайы емтихан нәтижелерін ескере отырып жүргізіледі.

8.13. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттардың қарауда болғаны туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде Университет студенттерінің қатарына оқуға қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан аспайтын мерзімге білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдағанға дейін төленуі тиіс соманы төлеу бойынша кейінге қалдыру ұсынылады.

8.14. Шет тіліндегі құжаттар нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен қоса ұсынылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде адамдарды оқуға қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

8.15. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, Үлгілік қағидалардың 4 - тармағында белгіленген шекті балды (Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері бойынша) алмаған, бейіндік пәндер комбинацияларымен сәйкес келмейтін ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелерімен орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар, Ұлттық бірыңғай тестілеудің жойылған нәтижелерімен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына күндізгі оқу нысаны бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады.


Университетте академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін осы адамдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына (бұдан әрі – № 204 бұйрық) сәйкес белгіленген мерзімде Ұлттық бірыңғай тестілеуді қайта тапсырады).

1 (бірінші) оқу жылының соңында тапсырылған ҰБТ нәтижелері бойынша осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды қайта жинамаған тұлғалар ЖОО-нан шығарылуға жатады.

8.16. Әскери борышын өтеген, жалпы орта білімі бар азаматтарды ЖОО ақылы негізде оқуға қабылдау әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде ЖОО қабылдау комиссиялары өткізген әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жылда жүзеге асырылады. Бұл ретте әскери қызмет өткерген азаматтарды оқуға қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтар ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысанда өтініш;
- 2) білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);
- 4) өлшемі 3x4 сантиметр болатын 6 фотокарта;

	<b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b>	<b>Күні:</b> <b>21.05.2024</b>	<b>Басылым:</b> <b>үшінші</b>
	<b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді қабылдау қағидалары</b>	<b>Қ БҚМУ</b> <b>01-01-06-01</b>	<b>12-беттің</b> <b>10-беті</b>

5) «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) электрондық форматтағы 075/е нысаны бойынша Медициналық анықтама (бұдан әрі - № ҚР бұйрығы ДСМ-175/2020). Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралар алынып тасталуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады;

6) әскери билеттің көшірмесі;

7) мерзімді әскери қызмет өткергенін растау туралы анықтама (ХҚКО-дан немесе E-GOV ақпараттық жүйесі арқылы алынған).

8.17. Осы қабылдау қағидаларының 7-тармағында көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесі ұсынылған кезде қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

8.18. Университет меншік нысанына қарамастан, оқуға қабылдау аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға студенттерді университетке оқуға қабылдау бойынша қорытынды есепті ұсынады.



